

**Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектепте ЕББҚ бар оқушылармен
2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстарға
Анықтама**

2023-2024 оқу жылын 12 сыныпта 86 оқушы, денсаулығына байланысты үйде оқитын 25 оқушымен бастадық.

Қыркүйек айында облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 16 тамыздағы №133/1 санды бұйрығына сәйкес ү. ж. 19-22 қыркүйек күндері Астана қаласында өткен «Жұлдызай-2023» Ұлттық Инклюзивті Ойындарына Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектебінің ерекше білім беруді қажет ететін сынып оқушылары қатысып, жүлделі орындармен қайтты.

«Мини футбол» номинациясы бойынша: Саябек Саят «Үздік ойыншы» дипломымен марапатталды, жетекшісі Жарасбаева Айгүл

«Бес тас» номинациясы бойынша: Болат Нұрай III дәрежелі диплом иегері, жетекшісі Есімова Айнура марапатталды.



Қазан айында мектептің арнайы мамандары дефектолог Э. Орымбекова, логопед Ш. Махамбетова, мектеп психологы Г.Бекмұрат ұстаздарды жаңашылдық, инновациялық әдіс-тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін, ой-қиялын арттыру мақсатында «Балалар үшін бірігейік!» атты тренинг жүргізді. Тренинг барысында «Қарындаш», «Көңілді шар», «Әдіс-тәсілдер аукционы», «Иә» «Жоқ», «Соңғы сөзді маған қалдыр...» жаттығулары орындалды.



Педагогикалық-психологиялық қолдау аясында балаларға жыл мезгілдерінің айырмашылығы мен зор байлықтары туралы толық түсіндіру, әр мезгілдің өз қызығы мен сәні бар екенін ұғындыру, өнерге деген қызығушылықтарын ояту мақсатында мектеп мамандарының ұйымдастыруымен денсаулығына байланысты үйден оқитын оқушыларға зум платформасы арқылы "Берекелі алтын күз" көрмесі ұйымдастырылды. Оқушыларға алғыс хат пен сыйлықтар таратылды.



Біртұтас тәрбие бағдарламасының "Балалар кітапханасы" жобасы аясында 2023 жылдың 9 қараша күні мектеп кітапханашыларының жоспарына сәйкес мектебіміздің ерекше білімді қажет ететін 5-6 сынып оқушылары арасында "Әженің ертегісі" атты тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Ерекше білімді қажет ететін сыныптардағы бастауыш сынып мұғалімі Бегімбаева Күлзада апай әже болып, оқушыларға "Алтын сақа" ертегісін оқып берді, сонымен қатар додекаэдр әдісімен оқушылар ертегі кейіпкерлерін сомдады. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттырып, жақсы әсер қалдырды.



17 қараша күні мектебімізде ерекше білімге қажеттіліктері бар балалардың қатысуымен «Қазақстан – мейірімділік мекені» атты іс-шара өткізілді. Іс-шараға аудандық аналар кеңесінің төрайымы Шакизада Келімбетқызы, қоғамдық даму бөлімінің әдіскері Жанар Қазықызы, Қазалы ауданы бойынша этносаралық қатынастар жөніндегі сарапшысы Гүлнұр Құттыбайқызы қатысып, бірлескен аудандық семинар өтті.

Іс-шара барысында келген қонақтар балалардың өз қолдарымен жасаған керемет көрмесіне танданды. Оқушылардың бірі Қазалының 95 жылдық мерейтойына орай арнау оқыса, енді бірі «Алаш» батырлар биін билеп, арнайы арнайы сынып жанынан ашылған театрландырылған үйірме оқушылары М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының желісі бойынша көрініс қойып, келген қонақтарды тәнті етті.

Іс-шара соңында ерекше балалармен жұмыс жасап отырған мектеп ұжымы мен мектеп қабырғасында оқушылардың игілігі үшін пайдалануға Аналар кеңесінің атынан бағалы сыйлықтар табысталды.



20 қараша күні мектептің әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес ерекше білімді қажет ететін 6 "Г" сыныбында математика пәнінің мұғалімі Жәмиева Ақбота «Оң сандар. Теріс сандар» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақ барысында оқушылар өздерінің жан-жақты білімдерін көрсете білді. Жұптық жұмыс арқылы әр бала оқулықтағы есептердің шешілу жолдарын, шығару жолдарын бірлесе орындады. Дойбы ойыны арқылы оң және теріс сандарды ажырату арқылы жеке жұмыс ұйымдастырылды. Сабақ өте қызықты, әрі әдіс-тәсілдері бейімделіп жасалып, жоғары дәрежеде өтті.



«Әл-Фараби атындағы білім және ғылым дамыту» қорының ұйымдастыруымен оқушылар арасында өткізілген «Galym-2023» пәндік республикалық олимпиадасына қатысқан Ж. Жабаев атындағы ✓ 234 орта мектептің қазақ тілі пән мұғалімі Баймахан Индира, тарих пән мұғалімі Есімова Айнұр жетекшілік ететін сынып оқушылары жүлделі орындармен марапатталды. Мектеп басшысы Жаухар Құттықияқызы шәкірттерімізді қабылдап, құттықтады.



«Алтын күз-2023» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында күзгі бал ұйымдастырылды. Барлық сынып ханзадалары мен ханшайымдары белсене атсалысты. Сайыс 4 кезеңнен тұрды. Нәтижесінде ерекше білім беруді қажет ететін 9 сынып оқушылары Иманов Азамат, Қолдасбай Ақерке бас жүлдеге ие болды.



Мектептің арнайы мамандары Эльмира Орымбекова, Шынар Махамбетова арнайы психолог Гауһар Бекмұраттың ұйымдастыруымен ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жүргізді. Оқушылардың ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында жаттығулар жасалды.



Желтоқсан айында апталық аясында бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Қ.Жолмырзаева мен инклюзив сыныптар психологі Г.Бекмұраттың ұйымдастыруымен «Мамандық таңдауда ата-ананың рөлі» атты психологиялық тренинг өтіп, кездесуге Ақтөбе медицина

колледжі, Қазалы агротехникалық колледжі және Қазалы көлік-техникалық колледж мамандары қатысты.



Мектептің арнайы мамандары педагог-дефектолог Эльмира Орымбекова, педагог-логопед Шынар Махамбетованың ұйымдастыруымен оқушыларға шығармашылық жұмыстары жүргізілді. Арт-терапия әдістері арқылы баланы сурет салуға үйрету емес, сурет салдыру арқылы шектен тыс эмоцияларды (көбіне сөйлей алмайды) тудыртатын проблемаларды жеңуге, шығармашылық энергияның шығуына көмектесуге бағытталды.



16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесіне орай денсаулығына байланысты ерекше білімге қажеттілігі бар үйден оқитын 2 сынып оқушылары "Жас қыран" ұйымына қабылданды. Мектеп тәлімгері Ш.Мұратбаеваның ұйымдастыруымен мектеп Ұланбасы Қуантқан Сәбина ұйымға қабылдануға ниет білдірген оқушыларды

"Жас Ұлан" ұйымының ережесі, мақсат - міндеттерімен таныстырды. Оқушылар ант ете отырып, ұйымға мүшелікке енді. Ұйымға қабылданған оқушылар: Әбубек Мансұр, Есжан Ақдидар, Пазылбай Нұрасыл.



16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесіне орай ерекше білімді қажет ететін сынып оқушылары арасында оқушыларға тәуелсіздіктің тарихы жайлы айтып, ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық парызды әрбір қазақ баласының бойына дарыту мақсатында "Тәуелсіздік - тірегім, Қазақстан - жүрегім" онлайн сурет байқауы өткізілді. Оқушыларымыз Қазақстанның желбіреген көк туын, әсем ғимараты - Бәйтерегін, көк аспанда қалықтаған қыран құсты суреттеп, бояды. Байқауға қатысқан оқушылар марапатталды.



Қаңтар айында мектептің арнайы мамандары логопед Ш. Махамбетова, мектеп психологы Г.Бекмұрат педагогтардың психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық

қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, стрестен арылу, мұғалімдер арасында сыйластық қарым-қатынас орнату мақсатында «Жүректен жүрекке» атты тренинг жүргізді.



Ерекше білім беруді қажет ететін 1-9 сыныптар аралығында балалардың қыс туралы түсінігін кеңейтіп, қыс мезгілінің ерекшелігін аңғара білуге үйрету, танымдық, шығармашылық қасиеттерін, сөздік қорын, саусақ моторикасын дамыту мақсатында «Қыс қызығы тамаша» тақырыбында қыс бейнесін жасады.



Қаңтар айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру аясында «Отбасылық таланттар» тақырыбында бейне ролик байқауы өткізілді. Мектебіміздің 2"Д" сынып оқушысы Құдайберген Нұрасыл атасы Құдайбергенмен бірге өздерінің отбасылық мал шаруашылығының қыр-сырын және ұсақ малдар мен ірі - қара

малдарды баптауын үйреніп жүр. Мал бағу машақаты көп жұмыс. Қыстың қытымар аязы мен жаздың аптап ыстығында мал соғында жүру оңай шаруа емес. Дегенмен, берекелі істің қиындығы да, берер өнімі де көп. Осындай қиын шаруаны игерудің өзі талант.

Осы 2 "Д" сыныбының оқушысы Жетібай Алихан, әкесі Ұзақбаев Қуанышпен бірге аула тазалығына көмектесіп, әкесінің автокөлігінің жағдайын жасағанды ұнатады. Әлихан өзі кішкентай бола тұра, автокөліктің түстерін, маркасын, қозғалтқыш көлемдерін жақсы біледі. Әкесі Қуаныш, автокөлікті жөндеу және алдағы уақытта оның қыр-сырын толықтай меңгеруге бейімдеп жүргенін айтты.

Мектеп тәлімгері Ш.Муратбаеваның ұйымдастыруымен Жас қыран ұйымы оқушылары арасында "Отбасылық таланттар" тақырыбындағы сайысымыз қаңтар айы бойы жалғасын табады және жеңімпаз отбасы анықталып марапатталды.



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру аясында «отбасылық таланттар» бейнеролигі

Мектебіміздің ерекше білім беруді қажет ететін арнайы 1 "Д" сыныбы оқушысы Бақытбекұлы Дамир анасы Ембергенова Айданамен бірге отбасында үнемі қолы бос уақытында, ермексаздан түрлі мүсін жасау және жапсырумен айналысады екен. Осы арқылы баласының ой-өрісін, қол икемділігін дамытатынын айтады. Дамирдың мүсіндеуге бейімділігі бар. Алдағы уақытта мүсіндеу өнері бойынша талантын шыңдағысы келеді.



Ж. Жабаев атындағы ✓ 234 орта мектебінің ерекше білім беруді қажет ететін арнайы сыныптардың әдістемелік жоспарына сәйкес директордың оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Игілік Рабиға Сәбитқызының ұйымдастыруымен 26 ақпан мен 01 наурыз аралығында «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес» тақырыбында апталықтың

ашылу салтанаты өтті. Мектеп басшысы Жаухар Құттықияқызы апталықтың ашылуына жылы лебізін білдіріп, оқушыларға сәттілік тіледі.



«Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес» тақырыбында ұйымдастырылған апталықтың әдістемелік жоспарына сәйкес Ерекше білім беруді қажет ететін арнайы сыныптардың 3-г сынып жетекші Жақыпова Гүлмира мен пән мұғалімі Теребаева Ғалия сыныптас тыс шара ұйымдастырды.



«Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес» тақырыбында ұйымдастырылған апталық барысында Ерекше білім беруді қажет ететін арнайы 2 «Д» сыныбында математика пәнінен «Монеталар мен қағаз ақшалар» атты тақырыпта Нағашыбай Бекзат ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: Тенгелік купюраларды ажырату және түрліше төлем жасау. Күнделікті өмірдегі есептесулерде монеталармен және қағаз ақшалармен төлемдер жасауды меңгерту.



Ж. Жабаев атындағы N234 орта мектебінде ақпан айының 26.02-1.03 аралығында мектептің Ерекше білім беруді қажет ететін арнайы сыныптардың “Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес” апталығында қазақ тілі және ағылшын тілі пәнінен 9 “Д” сыныбында “Қазақ театры мен музыка”, “ Theatre and music” тақырыбында Баймахан Ирина мен Сариева Камшат кіріктірілген сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: Театр және музыка тақырыбына жалпы шолу жасады. Қазақстандағы театрлардың түрімен таныстыру. Музыкалық аспаптармен таныстырылып, керемет ән шырқалды.



«Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес» тақырыбында ұйымдастырылған апталықта Ерекше білім беруді қажет ететін арнайы сыныптардың 2 «д» сынып жетекшісі: Қалампыр Кожабаева мен логопед: Шынар Махамбетова Қазақ тілі пәнінен «Зат есім» тақырыбында кіріктірілген ашық сабақ өткізді.

Мақсаты: тілдік нормаларды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасуының не туралы айтқанын мұғалімнің көмегімен түсіну.



Ж. Жабаев атындағы N234 орта мектебінде ақпан айының 26.02 -1.03 аралығында мектептің Ерекше білімді қажет ететін сыныптардың “Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес” апталығында математика пәні мұғалімдері Акерке Құлназарова мен Әділет Қонысбаева 7“Т” және 8“Т” сыныптарда “Квест” ойыны өткізді. Ойын барысында оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын ізденіс, ойын арқылы қалыптастыруға бағытталған.

Сайыс 2-топтан, 6-кезеңнен тұрады.

1.Таныстыру(топтардың таныстыруы)

2. Жол табу (лабиринт)
3. Пирамида (сандардың дәрежелеріне байланысты есептер шығару)
4. Шарик (логикалық есептер)
5. МАК(көбейту кестесін айтады)
6. Адасқан әріптер(жасырылған заттың орнын анықтайды)



Ж. Жабаев атындағы ✓ 234 орта мектебінің «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес» тақырыбында ұйымдастырылған апталықта Ерекше білім беруді қажет ететін арнайы сыныптардың 6 «д» сынып жетекшісі Перизат Қутпанбетова Қазақ тілі пәнінен С.Мұратбековтің «Жусан иісі» хикаясы тақырыбында ашық сабақ өткізді. Мақсаты: тілдік нормаларды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасуының не туралы айтқанын мұғалімнің көмегімен түсіну



"Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес" тақырыбында ұйымдастырылған апталық барысында Ерекше білімді қажет ететін арнайы 3 "Д" сыныбына "Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы" тақырыбында сынып жетекшісі Ерғалиева Жадыра мен пән мұғалімі Күзенбаева Сәулеш сыныптан тыс танымдық сабақ өткізді. Мақсаты: Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.



Ж. Жабаев атындағы N234 орта мектебінде ақпан айының 26.02-1.03 аралығында мектептің ерекше білімді қажет ететін сыныптар апталығында “ҚЫЗЫҚ ЕКЕН” сайысы тарих пәні мұғалімі Есімова Айнұр 9”Г” және 9”Д” сыныптарда сайыс өткізді. Сайыс 2-топтан, 6-кезеңнен тұрады.

- 1.Таныстыру(топтардың таныстыруы)
2. Тұлғалар
3. Жылдар
4. Ескерткіштер
5. Ойлан тап
6. Қызық екен



«Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес» тақырыбында ұйымдастырылған апталық барысында Ерекше білімді қажет ететін арнайы 4 «Г» сыныбында «Асық - алтын қазынам» тақырыбында эстафеталық сайыс өткізілді. Пән мұғалімдері Тоқмырзаева Айжан, Қапарова Гүлдана, Жақсылық Жаңагүл.

Мақсаты: Атадан балаға өнеге болып қалар қазақ ұлтының ұмытылып бара жатқан дүниелерінің бірі асықты балаларға таныстырып көрсету, ойнату, түсіндіру, әртүрлі-

түстегі асықтармен қарапайым сандарды санап үйрету. Сонымен қатар, санай отырып түстерін ажыратуға, асық ойнату арқылы балаларды дәлдікке, ептілікке, шапшаңдыққа баулу.

- Асық ату ойыны
- Асықты гольф ойыны
- Ою-өрнекті сәйкестендіру
- Асықты кубик
- Арқан тартыс



Ж. Жабаев атындағы N234 орта мектебінде ақпан айының 26 мен наурыз айының 1-і аралығында мектептің Ерекше білім беруді қажет ететін арнайы сыныптардың “Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес” апталығында дене шынықтыру пәнінен 5-7 сыныптар аралығында “Спорт біздің досымыз” тақырыбында Қаныбетова Айымкүл эстафеталық сайыс сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: салауатты өмір салтын ұстануға баулу спорт қызығушылығын арттыру әртүрлі спорттық ойын түрлерімен танысу балалардың икемділігін ептіліктерін шапшаңдылық қабілетін дамыту.



Ж. Жабаев атындағы ✓234 орта мектебінің «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес» тақырыбында ұйымдастырылған апталықта Ерекше білім беруді қажет ететін арнайы сыныптардың 9 «Г» сынып жетекшісі: Индира Баймаханова Қазақ тілі әдебиеті пәнінен Ш.Уәлиханов-халықтың жарық жұлдызы тақырыбында ашық сабақ өткізді. Мақсаты: Қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмір сүрген ортасы, ғылымға қосқан үлесі жайлы оқушылардың шығармашылық жұмысы арқылы кең түрде мағұмат беру.



«Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес» тақырыбында ұйымдастырылған апталық барысында Ерекше білімді қажет ететін арнайы сыныптар арасында «Ғылымның ғажап екі тірегі» тақырыбында интеллектуалды сайыс сабақ өткізілді.

Пән мұғалімдері: Жамиева Акбота Әділбекқызы, Кенжебаева Айгерім Жамаладинқызы

Мақсаты: Оқушылардың білімге қызығушылығын және ойды жүйелеу қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту, өз мүмкіндігін пайдалана отырып зейінді тұлғаны тәрбиелеу.

Тапсырманы оқушылар белсенді тез орындап топтар бір бірмен жарыса жеңу мақсаттарын алға қойған белсенді оқушылар.

Бүгінгі сабаққа ең жоғарғы дәрежедегі сабақ деген пікірлер білдірді.



«Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес» тақырыбында ұйымдастырылған апталық барысында Ерекше білімді қажет ететін арнайы 1 сынып оқушылары мен әкелері арасында «Аламан бәйге» тақырыбында сыныптан тыс сабақ өткізілді.

Пән мұғалімдері: Асанова Арайлым Амантайқызы, Бижанова Назгүл Дүйсенбайқызы

Мақсаты:

Әке мен баланы қатыстыра отырып, бұл сайыста баланы өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету.

1 наурыз алғыс айту күні сайыс барысында аталып, ата – аналардың алғысқа толы сөздері мен тілектері бейне жазба арқылы ұстаздарға жолданды. Қорытындылау: Сабақ соны барлық оқушыларға сыйлықтар мен әкелерге алғыс хат берілді.



"Әрбір бала – бір жұлдыз жарқырауына көмектес" атты апталық аясында 4-сынып үйден оқитын оқушыға Zoom платформасында әдебиет пәнінен ашық сабақ өткізілді. Тақырыбы: Құстар әні.

Сабақ барысында оқушыға әр түрлі тапсырмалар беріліп танымдық ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында түрлі тапсырма кезеңдері орындалатылып, түрлі әдіс- тәсілдермен оқушыға білімін бере білді.



Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектепте денсаулығына байланысты үйден оқитын оқушылар арасында ұйымдастырылған "Әрбір бала - бір жұлдыз, жарқырауына көмектес" атты апталығы аясында 2-сынып үйден оқитын оқушыға бастауыш сынып мұғалімі Мектепова Нұрсауле Zoom платформасында жаратылыстану пәнінен ашық сабақ өткізді.

Сабақ барысында оқушыға әр түрлі тапсырмалар сәйкестендіру, сергіту, суретпен жұмыс беріліп бейнежазба көрсетілді. Мақсаты: адамның тірек-қимыл жүйесінің қызметін анықтау.



"Әрбір бала-бір жұлдыз, жарқырауына көмектес" тақырыбында апталықтың жабылу салтанаты "Қызық премия" форматында өткізілді. Кеш барысында түрлі ойындар, әсем әндер, түрлі номинациялармен марапатталды.

"Мектеп жанашыры" номинациясымен
УРАЗБАЕВА ЖАУХАР ҚҰТТЫҚИЯҚЫЗЫ

"Үздік аудио жазба" номинациясымен
БАЙМАХАН РОЗА САЙЛАУҚЫЗЫ

"Қайырымды жан" номинациясымен
ӨТЕМБЕТ ҚАЙРАТ ТӨЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ

"Жаңалық жаршысы" номинациясы
ҚҰРМАНӨЛІ ЭЛМИРА ҚОҒАМҚЫЗЫ

"Үздік комментатор" номинациясы
ЖҰМАҒАЛИЕВА ДИНА

"Тыңғылықты" номинациясымен
ИЗЕКЕНОВА САНІМКҮЛ

"Үздік бірлестік" номинациясымен
МИФ БІРЛЕСТІПІ МАРАПАТТАЛДЫ

Кеш соңында апталықта үздік сабақ іс-шара көрсеткен мұғалімдер мектеп басшысы Жаухар Құттықияқызының АЛҒЫС ХАТЫМЕН марапатталды.



2024 жылдың 6 наурыз күні N234 мектеп-лицейде "Тиімді бақылау: сапалы білім берудің негізгі құралы" тақырыбында облыстық семинар өткізілді. Осы семинарда Ж. Жабаев атындағы N234 орта мектеп ұжымы "Инклюзивті білім беруді және практиканы мектепшілік бақылау" тақырыбында өз жұмыстарын көрсетті. "Инклюзивті білім беруді және практиканы мектепшілік бақылау" тақырыбында мектеп директорының орынбасары Рабиға Игілік Сәбитқызы таныстырып өтті. Ағылшын тілі пәнінен арнайы

сыныптарындағы 5 сыныпқа арналған бейімделген оқу бағдарламасын ағылшын пәні мұғалімі Айгүл Ұзақ Жолдасбекқызы, 5 сынып оқушысына арналған жазу, оқу, тыңдау дағдысын қалыптастыруға арналған жұмыс дәптерін ағылшын пәні мұғалімі Қуандық Гүлхан Алдашқызы “ Оқу жылдамдығын машықтандыруға арналған интерактивті әдістер(идеялар аукционы). Бастауыш сынып мұғалімі Жарасбаева Айгүл Әділқызы Арттерапия- шығармашылық терапия тақырыбында, Мектеп психологі Бекмұрат Гауһар Бекмұратқызы, Мектеп логопеді Махамбетова Шынар Дархановна жұмыстарын көрсетті. Мектеп директоры Ж. Уразбаеваға Қызылорда облыстық оқу орталығының сертификаты табысталды.



"Ұлы күні Ұлыстың басы болсын ырыстың!" тақырыбында ерекше білімді қажет ететін 1-9 сыныптар арасында іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Жас жеткіншектерге мерекелік көңіл-күй сыйлау; қуаныштарын үлкендермен бөлісуге, мейірімділікке тәрбиелеу, халқымыздың ұлттық салт-дәстүрімен, ұлттық құндылықтармен кеңірек таныстыру, әртүрлі ұлттық ойындар арқылы жас жеткіншектердің тұлғалық қабілетін дамыту.



Ұлыстың Ұлы күніне орай «Армысың аз Наурыз!» тақырыбында 5 Д сынып оқушыларының ұйымдастыруымен тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Ұлыстың Ұлы күні наурыз мерекесінің ерекшеліктерімен таныстыру. Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Мерекелік көңіл-күй қалыптастыру.

Сынып жетекшісі Индира Баймаханова



2024 жылы 8 сәуір күні Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектеп базасында ұйымдастырылған педагог - психологтарға жұмыс әдістерін жетілдіру мақсатында «Баланың саулығы- отбасының-болашақтың саулығы» тақырыбында аудандық семинар өткізілді.

Семинар барысында іс-тәжірибелерімен бөліскен «Ұрпақ тәрбиесінде не маңызды: кеше, бүгін, ертең...»

№234 орта мектептің педагог - психологтары Ермаханова Баян, Бекмұрат Гауһар

Көрсетілген жұмыстан кейін талдау жасалып, қатысушылармен кері байланыс жасалып білім бөлімінің алғыс хатымен марапатталды.



“Бір мектеп- бір жоба” бағыты бойынша оқушыларға кәсіптік бағыт-бағдар беру аясында ерекше білімді қажет ететін сыныптарда технология пәні мұғалімі Суюндыкова Салтанат, тігінші Байбазарова Ботагөздің оқушылармен бірге өз қолдарынан жасаған туындылары. Үйірменің мақсаты:

Балаларға қосымша білім беруде оқушының білімін, шеберлігін көрсету.

Үйірменің міндеті:

Шәкірттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету. Іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру.



Бір мектеп - бір жоба" бағыты бойынша оқушыларға кәсіптік бағыт-бағдар беру аясында Ерекше білімді қажет ететін сыныптарда технология пәні мұғалімдері Тілек Жәнібек пен Жүсіп Нұрғалидың оқушылармен бірге өз қолдарынан жасаған туындылары.

Үйірменің мақсаты:

Жас жеткіншектерді адамгершілікке, әсемдікке тәрбиелеу. Қолөнердің қыр-сырынан мағлұмат беру. Ұлттық қолөнерді таныстыру арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Оқушыларға сабақтан тыс уақытта әр түрлі бұйымдар жасаудың ең жетік әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Үйірменің міндеті:

Үйірмеге қатысушы оқушылардың бойындағы талабы мен таланттарын одан әрі қарай дамыту, терең білімділікке жетелейтін түрлі әдіс-тәсілдер меңгерту.



Мектебіміздің педагог-логопеді Шынар Махамбетованың оқушылармен жеке жұмыстар жүргізді.

Тақырыбы: "Дыбыстарды сөзде дұрыс айтуға машықтандыру" жеке және топтық сабақтан үзінді

1. Дыбысты сөз, сөйлемде машықтандыру. Дыбыстар мен әріптер тобынан сөзді бөліп алу.
2. Артикуляциялық қимыл-қозғалысын, дұрыс диафрагмалды тыныс алу дағдысын қалыптастыру.
3. Фонематикалық, ұсақ моторикалық жаттығулар орындау.



Қазалы аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген педагогикалық идеялар байқауының аудандық кезеңінде Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Жарасбаева Айгүл қатысып, жүлделі ІІ орын иеленді.



Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектеп жұмыс жоспарына сәйкес 24 мамырда Ж. Жабаев атындағы №234 орта мектебінде "Білім - Отаным" тақырыбындағы жалпы республикалық тәрбие сағатына орай ерекше білім беру қажет ететін 9"г" сыныбында Камшат Сариева сынып сағаты өткізді.

Тәрбие сағатында оқушылардың жыл бойына алған білімдерін қорытындылай келе, оқушылар болашаққа қадамдары туралы эссе жазды.



23 мамыр күні Қызылорда қаласы, облыстық «Дарын» қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалар арасында «Жұлдызай-2024» Ұлттық инклюзивті ойындардың облыстық кезеңі өтті.

Мақсаты — ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды спортқа тарту, оларды әлеуметтендіру және ерекше қажеттіліктері мен даму мүмкіндіктері бар балалар арасында салауатты өмір салтын насихаттап, спорттық шеберлігін шыңдауға бағытталған бірегей спорт алаңының қалыптасуына ықпал ету.

Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектептің оқушылары үстел теннисі, асық ату, бестас, мини-футбол, және жеңіл атлетика ойындарынан бақ сынап, үздік нәтиже көрсете білді.

«Жұлдызай-2024» Ұлттық инклюзивті ойындардың облыстық кезеңінің қорытындысы бойынша:

- Бес тас (кіші топ) I орын Ерғалиева Арай, жетекшісі Жарасбаева Айгүл;
- Жеңіл атлетика (үлкен топ) II орын Болат Нұрайым, жетекшісі Есимова Айнур;
- Мини футбол(кіші топ) II орын Жолмырза Мұхамедәли Жеткенбек Әбдікәрім Саябек Нұрсайын Саябек Саят Жолмырза Нұрислам Киікбай Нұрасыл, жетекшісі Амангелді Нұржан;
- Мини футбол (үлкен топ) III орын Дәуренбек Нұртөре Өмірзақ Берік Бақтыбай Наурыз Жаңабекұлы Рамазан Рахманұлы Рамазан, жетекшісі Қаныбетова Айымкул;
- Бес тас (үлкен топ) алғыс хат Тағыберген Жаннұр;
- Асық ату (кіші топ) алғыс хат Саябек Нұрсайын;
- Асық ату (үлкен топ) алғыс хат Өмірзақ Берік;
- Жеңіл атлетика (кіші топ) алғыс хат Бақыт Айгерім, Алғазы Аян;
- Жеңіл атлетика (үлкен топ) алғыс хат Рахманұлы Рамазан;
- Тоғызқұмалақ - алғыс хат Жақсыбай Жақсыбек ;
- Үстел теннисі - алғыс хат Өтеген Мирас;

